



# Палеолит кезеңі



Палеолит- Ежелгі тас дәуірі адамзат тарихындағы ең ұзаққа созылған және аса маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Ежелгі тас ғасыры-адам мен оның шаруашылығының қалыптасуының бастапқы уақыты. Алғашқы адам жабайы өсетін дәндерді жеміс – жидектерді жинап жануарларды аулаған. Ежелгі тас дәуіріндегі адамдардың қоғамдық ұйымы күрделі де ұзақ даму жолынан өтті. Оның бастапқы кезеңі алғашқы тобыр-бірлесіп қорғану және шабуыл жасау, аң аулау және жиын-терін үшін бірлесу болды.

**Палеолит** (палео... және грек. lithos – тас) – ежелгі тас дәуірі.



# Ерте палеолит

```
graph TD; A[Ерте палеолит] --> B[Олдувэй]; A --> C[Ашель]; A --> D[Мустье]; B --> E["(б.з.б. 1 млн жыл-800 мың жыл)"]; C --> F["(б.з.б. 800-140 мың жыл)"]; D --> G["(40-35 мың жыл)"];
```

Олдувэй

(б.з.б. 1 млн  
жыл-800 мы  
ң жыл)

Ашель

(б.з.б.  
800-140 мың  
жыл)

Мустье

(40-35 мың  
жыл)

## **Табиғаты.**

Оңтүстіктегі Үнді мұхиты жағынан жылы ауа Қазақстан жеріне келіп тұрған. Сондықтан Қазақстанда субтропиктік ормандар болған. Осы кездегі Қазақстан жерін мекендеген жануарлар: өзен, көлдердің жағасында пілдер, шалғында жылқылар, таулы жерлерде аюлар, мамонттар, бұғылар, бизондар, тауларда арқарлар, тауешкілер т.с.с. Б.з.б. 100-80 мың жыл бұрын ауа райы күрт өзгерген. Осы кезде Қазақстанда ұзаққа созылған ауа райының суытуы басталған. Барлық тауларды мұз басқан. Бұл суық мерзім б.з.б. 12-5 мың жылдарға дейін созылған.

# Адамдары.




Қазақстан жерін ежелгі адамдар б.з.б. 800-140 мың жылдықтардан бастап мекендеген. Алғашқы адамдар Қаратау жотасы мен Қарасу тұрағында мекендеген.



Алғашқы адамдардың айналысқан істері: аң аулау, терімшілік.

Алғашқы адамдар баспанасы: табиғи үңгірлер, үңгіме қуыс, тау шатқалдары т.б.

Адамдар табиғаттың дүлей күшіне қарсы тұру үшін, бірігіп аң аулап тіршілік етіп қиындықты жеңу үшін топпен өмір сүрді.





# Еңбек құралдары

Ауыр салмақты, тік бұрышты ұсақ шақпақ тастар ең ежелгі еңбек құралдарына жатқызылады. Жамбыл облысындағы Бөріқазған, Тәңірқазған, Шабакты мекендерінен (5000-ға жауық тас құрал), Қазанғап шатқалы (тастан жасалған 300-ге жуық құрал), Қарасу тұрағы (тастан жасалған 1500-ға жуық құрал), Сарыарқа тұрақтары, Балқаштың Солтүстік жағалауы (ежелгі адамдардың тұрақтары) т.с.с. жерлерден тастан жасалған құралдар табылған.



Ашель заманында пайда болған дөңгелек өзектастардан құралдар жасау тәсілі де бұрынғыдай дами берді. Мұндай дайындамалардан тас тіліктерін дөңгелек өзектастың шетінен орта тұсына бірнеше соққы бағыттай отырып дайындады. Мустьеде құралдардың негізгі түрі үшкір тас пен қырғыш болды. Үшкір тас - пышақ ретінде және сабы ағаш найза, сүңгі ұшына пайдаланылса керек. Қырғыштар ағаш өңдеу, аң терілерін сыпыру, т.б. жұмыстарға пайдаланылды.





# Орта палеолит

Орта палеолит- (б.з.б. 140-40 мың жылдықтар). Орта палеолит дәуірі ертедегі адамның дамуымен, мәдениеті дамуының жаңа кезеңі болуымен ерекшеленеді. Орта палеолитте Қазақ даласындағы жер құрылымында күшті тектоникалық (құрылу, өзгеру процестері—грек сөзі) қозғалыстар болып өтті. Соның нәтижесінде таулар, төбелер пайда болып, жерді екі рет топан су басты. Солтүстік Мұзды мұхиттың суы көтеріліп, ол Қазақстан жеріне дейін келді. Орталық Қазақстанда жер деңгейі 500 метрге дейін көтерілді. Бірнеше мың жылдардан кейін Оңтүстікте басталған мұздардың еруіне байланысты Қазақстан жерінде құмды, шөлді, суы тапшы жерлер пайда болды. Өзендердің қазіргі арналары қалыптаса бастады. Қазақстандағы жазық жерлер (Ертіс пен Балқаш маңы) орманды далалы, оңтүстігі көбіне жусанды, шөлді болып қалыптасты. Тянь-Шаньда және басқа да таулы жерлерде қаптал қарағай, шырша, жөке, қызыл қайың, қандыағаш өсетін болды. Қазақ даласында бірнеше хайуанаттардың түрлері болды: пілдер, жүні сирек мамонттар, жазық далада түйе, қарақұйрық, бөкендер т.б. болды.

Тас дәуірінің орта кезеңіндегі адамға ұқсас тіршілік иесі питекантроп, соңғы кезеңіндегі тіршілік иесі синантроп деп аталды. Ғалымдар бұл тіршілік иелеріне «тік жүретін адам» («Нота егесШз») деген ат берді. Олардың ми көлемі презинжантроптардан біршама өсіп  $950\text{см}^3$  жеткен. Алғашқы питекантроп 1891 жылы Ява аралынан табылды. Кейінгі жүз жылда питекантропқа ұқсас тіршілік иелерінің Азия мен Еуропадан және Африкадан онға жуық қалдықтары табылып зерттелді. «Тік жүретін адамның» екінші бір түрі синантроп алғаш рет 1927 жылы Қытайдан, Пекин маңындағы Чжо-кау-дянь үңгүрінен табылды.

Адамзат дамуының келесі сатысы неандерталь адамы болып табылады. Археологтар олардың алғашқы қалдықтарын Германияның Неандерталь деген жерінен тапты. Олардың ми көлемі  $1300\text{-}1400\text{ см}^3$  жетті. Дене бітімі қазіргі кездегідей адамның пайда болуы соңғы палеолит дәуіріне байланысты. Ғалымдар «саналы адам» («Нота каріепк») деп ат берген бұлардың алғашқы өкілдері бұдан 40—50 мың жылдар бұрын өмір сүрген. 1868 жылы Франциядағы Кроманьон үңгірінен табылған қаңқалардың ми көлемі  $1600\text{—}1800\text{ см}^3$  болды. Кроманьондық адамның беттұрпатында және дене бітімінде осы заманғы адамдарға тән ерекшеліктер айқын білінеді. Олар: жазық маңдай, иіліңкі қас сүйегі, сопақ бас сүйегі, шығыңқы иек, жіңішкелеу мұрын, кішірейген көз шұңқыры, сүйектердегі бұлшық ет бедерлері, тік жүру және т.б.

Ашель-мустье дәуіріндегі адамдардың бірқатар тұрақтары Бурылтай (Боралдай) өзенінің биік жайылма серелерінен шықты. Мұнда ежелгі түрпаттағы ірі ауыр тас жаңқаларынан басқа дөңгелек өзектастар, үшкіл тас тіліктері, арқа тұсы кең, қырлы тас тіліктері, сопақша қырғыштар, қара сұр үшкіл үлкен тас жаңқадан жасалған үшкіртас табылды. Бұл арада пайдаланылатын тастардың жоқтығы, тас саймандардың аздығы және өзгешелігі Бурылтай тұрақтарын аңшылардың шағын тобының аз уақыт болған жері деп есептеуге мүмкіндік береді.

## Адамдары

Орта палеолит дәуірінің адамдары– неандертальдықтар. Антропологиялық келбеті сөйлеу қабілеті дұрыс қалыптаспаған.

## Негізгі кәсібі

Аң аулау, терімшілік. Аңды қауым болып бірігіп, топпен аулаған. Басты ерекшеліктерінің бірі шақпақ тастарды бір – біріне үйкелеу арқылы отты шығаруды үйренді. Осы кезде алғашқы діни наным қалыптаса бастады. Ең алғашқы дін магия. Бұл арқылы өлікті бір қырына қарай жатқызып, аяғын бүгіп жерлеген.

## Еңбек құралдары және археологиялық ескерткіштер.

Тасты өңдеу әдісі жетілді. Еңбек құралдары негізінен, нуклеуістен (тастан) жасалды. Пышақ, қару ретінде үшкір тас, ағаш, тері өңдеу үшін қырғыш тас пайдаланылды. Археологиялық ескерткіштер Оңтүстік Қазақстандағы Топалы шатқалы мен Қызылрысбек тұрағынан табылған заттар: үшкір тас, қырғыш т.б.

Кейінгі ашель мен мустье уақытында тас құралдарын жасау технологиясында және ежелгі адамның өмір сүру бейнесінде түбегейлі өзгерістер болып өтті. Бұлар неандертальдық аталатын адамның жаңа, жоғарғы дәрежедегі эволюциясы салдарынан өзгерген еді. Жалпылама түрде палеоантроптар аталатын ашель-мустье дәуірінің адамдары, Жер шарының кейбір бөліктерін мұздық басқан, климаттың біршама суытқан жағдайында өмір сүрді. Төменгі палеолиттің бұл ақырғы кезеңінде қазіргі адамдар түрінің ата-бабаларының сыртқы кескін ерекшеліктері түпкілікті орнықты. Маңдайы көлбеу, қасының үсті доға тәрізді, бас сүйегінің аласа болуы, бет сүйегінің шомбалдылығы, тістері өте ірі, иек сүйегінің болмауы немесе нашар дамуы неандертальдықтардың басты өзгешелік белгісі болып табылады. Омыртқасындағы онша байқалмайтын бүгіліс пен аяғындағы тізесінің әлсіз түзулігі неандертальдықтардың жүрісі ебедейсіз болғандығын көрсетеді. Олар аласа бойлы (150-160 см) болды, енді бірақ та ми қауашағының көлемі 1300-1400 см кубқа жетті.

# Кейінгі палеолит

Соңғы палеолит б.з.б. 40-35 мың жылдан басталып, 12-10 мың жылмен аяқталады. Бұл жер шарының барлық климаттық аймақтарына адамның кеңінен тарай қоныстаған және нәсілдер мен нәсілдік топтардың қалыптасу уақыты. Бұл тұста адамдардың рулық қауымы мен топтық ұжымдары қалыптаса бастады. Рулыққауымдар барлық жерлерде алдымен отбасының қамқоршысы, бала өсіруші ана төңірегінде топтасты, осыған байланысты әйелдер алғашқы қауымда үстемдік жасады, мұның өзі аналық – матриархаттық дәуір деп аталды. Сонымен, аналық ру өзара қандас туыстығы арқылы біріккен және шешелері жағынан шыққан тегі бір адамдардың экзогамиялық тобы болды.

Соңғы палеолитте ірі хайуанаттардың азайюы адамдардың тұрмыс жағдайларын едәуір өзгертті. Енді орташа және ұсақ аңдарды аулау үшін жетілдірілген жаңа құралдар қажет болды. Аңшылар қолдарына қару алып, тамақ іздеп, ұсақ сапар шекті. Әр түрлі іске қолданылатын еңбек құралдары пайда болды. Соңғы палеолитте Қазақстан жерінде адамзат қоғамының үздіксіз ілгері дамып отырғаннын көрсетеді.






Ашель заманында біртіндеп жаңа әлеуметтік құрылым – алғашқы қауымдық құрылыстың алғы шарттары пісіп жетіле бастайды. Ал мустье дәуірінде отырықшылық орнықты, жыныспен жас мөлшеріне қарай еңбек бөлінді, қауымның алғашқы тұрпаттары байқалды. Кейінгі палеолиттегі адам ұжымы әлеуметтік жағынан алғашқы рулық қауымның кемеліне жеткен қатынастарымен сипатталынады. Бұл сапалық секірім, көптеген зерттеушілер пайымдауынша неандертальдықтардың осы замандағыдай дене бітімі бар адамға (*Homo sapiens*) айналуымен тұстас келген.



Мустье адамының ірі жетістігі отты тұтатудың әрқилы жолдарын: ағашты ағашқа үйкелеу (ағаш таяқшасының үшкірленген жағын жұмсақ ағаштың ойығына салып, айналдырған) мен кентас минералдарына шақпақ тасты ұрып ұшқын алу болды. Отты игеру жануарлар еті мен майын нәрлі де жеңіл қорытылатын тағамға айналдыруға мүмкіндік берді.



Ежелгі палеолиттің кейінгі кезі ескерткіштердің көп түрлілігімен ерекшеленеді. Бізге жар астында немесе үңгірге кіре беріс тұста тұрақты ошағы бар қарапайым баспаналар, тұрақ-шеберханалар, шеберхана-тасқашау орны, маусымдық аңшылық қоныстары, аңшылық уақытша лагерьлер жеткен.